



БҰЙРЫҚ

«24» қаңтар 2025 жыл
Ақтау қаласы

ПРИКАЗ

№ 23-НҚ
город Актау

Республикалық «Мерген ару-2025» әскери – патриоттық сайысының облыстық кезеңін өткізу туралы

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының 2025 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, жалпы білім беретін мектептердің оқушылары арасында әскери-патриоттық тәрбиені жетілдіру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылы 21 ақпан күні облыстық «Мерген ару-2025» әскери-патриоттық сайысы Төлеген Айбергенұлы атындағы № 19 мектеп-гимназиясы базасында өткізілсін.

2. Бекітілсін:

1) Сайыстың ережесі (1-қосымша);

2) Сайыстың ұйымдастыру алкасының құрамы (2-қосымша);

3) Сайыстың қазылар алкасының құрамы (3-қосымша).

3. Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшыларына:

1) Сайыстың аудандық, қалалық кезеңі 14.02.2025 жылға дейін өткізілсін;

2) Сайысқа қатысушылардың сұраныстары 18.02.2025 жылға дейін орталықтың umco.aktau@mail.ru электронды поштасына түсірілсін;

3) Сайыстың облыстық кезеңіне қатысушылардың іссапар шығындары жіберуші тараптың есебінен төленсін.

4. Қоғамдық-гуманитарлық бөлімінің жетекшісіне (Ж. Молдажанва):

1) Сайыстың облыстық кезеңін ұйымдастыру, өткізу шаралары талапқа сай жүргізілсін.

5. Осы бұйрықтың орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директордың м.а.

А. Мамаева